

Тәуелсіздік жылдарында ғасырға пара-пар жолды еңсердік



Елордада Тұңғыш Президент күні қарсаңында «Президенттік институт: Қазақстандық модель» атты халықаралық парламенттік конференция өтті. Жиынға ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, Әзербайжан, Болгария, Түркия, Татарстан, Қырғызстан, Моңғолия, Сербия, Франция парламенттерінің өкілдері қатысты. Сондай-ақ, Форумға Біріккен Ұлттар Ұйымы даму бағдарламасы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясы мен Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес өкілдері де келді.

Келесі жылы елімізде президенттік басқару институтының құрылғанына 30 жыл толады. Осы уақыт ішінде Қазақстан саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан дамыған елге айналды. Конференцияға қатысушылар «бұл Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушы, Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың көрген саясатының, батыл қаламының, ерен еңбегі мен бірлігі жарасқан Қазақстан халқының ынтымағының жемісі екені сөзсіз». ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Нұрлан Нығматулиннің айтуынша, нарықтық экономикалық қарым-қатынас құру, бірпартиялық жүйені жою, билікті болу ұстанымдарын біртіндеп енгізу президенттік институт қалыптастырудың ең басты алғышарты болды. — «Сол уақытта ел басшылығының алдында дәл осындай күрделі әрі көп жоспарлы міндеттер тұрған еді. Қазақстандағы президенттік институттың өзіндік ерекшеліктерін, өзіне тән сипатының болуы барынша заңдылық. Енді екі аптадан кейін Қазақстан Тәуелсіздігінің 28 жылдығын атап өтетін боламыз. Тарихи ғылым мен саяси тәжірибе тұрғысынан алып қарағанда бұл қысқа ғана мерзім болғанымен жетістіктер мен табыстар тұрғысында біз ғасырға тең жолды еңсердік», — деді Нұрлан Зайруллаұлы.

Қадірлі оқырман! «Qazaqstan dauiri» газетіне жазылуға асығыңыздар!

Сүйікті досыңыз, қуанғанда бірге шаттанатын тілекшіңіз, жаныңыз жадырап, тебіренгенде сырласыңыз, қиналғанда демеушіңіз, басыңызға іс түскенде қорғаныңыз, сапарда жүргенде жолсөрігіңіз — «Qazaqstan dauiri» газетіне жазылыңыз. Жазылым үдерісі еш толассыз, жыл бойы жүргізіле береді. Әр айдың 10-ына дейін жазыласыңыз, келесі айдың басынан бастап қолыңызға тиеді.

«QAZAQSTAN DAUIRI» газетіне бір жылға жазылу бағасы

Индекс: 65977

Жеке жазылушылар үшін	қала	ауыл
6 ай	2643,70	2766,59
12 ай	5287,39	5533,18

КЕЛЕШЕК ҮШІН БӘРІМІЗ ЖАУАПТЫМЫЗ!

Qazaqstan dauiri

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Газет 1992 жылдың 17 қаңтарынан шыға бастады

№47 (1280) 21 ҚАРАША 2019 ДОҢЫЗ ЖЫЛЫ info@qazdauiri.kz

Бөлшек саудадағы бағасы келісімді

ДӘҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

ҚАМШЫБАСАР

«ЕСІРТКІ ТЫРНАҒЫНАН ЖАСТАРЫМЫЗДЫ ҚҰТҚАРУ МЕМЛЕКЕТТІК ҺӘМ ХАЛЫҚТЫҚ ІС»



Деген ұранмен Шу қаласында Жамбыл облыстық әкімдігі мен «Qazaqstan dauiri» газетінің бірлескен дөңгелек үстелі өтті → 6-7

Тәуелсіздігімізге көлеңке түсірген шырша жырына кім тосқауыл қояды?

Жасырып жабатын, алдаусырататын несі бар? Жетпіс жыл бойы (біздің буын) қызыл жалауға жалтақтап күн кештік, дәл біздің балалық шақ, онан кейінгі ер жетіп, азамат боп қалыптасқан кезең — сол социализм дәуірі тұсында, «коммунизм» деген тегін заманды күтумен өтті.



→ 09

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

ХАЛЫҚ ЖӘНЕ ПРЕЗИДЕНТ

Алматыда ата-аналар неге шу шығарды?

Алматыда балалары қант диабетімен ауыратын ата-аналар бас көтерді. Емханаға келіп, қандағы қант мөлшерін өлшейтін глюкометрлерді сыңға алған ата-аналар: «Мемлекеттік емханалардан қант мөлшерін тексеруге берілетін арнайы глюкометрлердің қолдану мерзімі өтіп кеткен, пайдалануға жарамсыз. Жетімнің халіне түскен отандық компаниялар үшін бұл ауыр соққы. Балаға көрсететін ем-дом глюкометрдің көрсеткішіне тікелей байланысты. Быыл бізге беруі тиіс 29 глюкометрдің жиырмаға ғана қолымызға тиді. Оның үстіне, жақында бізге мүлде басқа фирманың глюкометрлерін ұсына бастады. Бұл біздің аландауымызға себеп болып отыр. Өйткені, тест сынамадың жарамдылық мерзімі өтіп кеткен. Ендеше, ата-аналардың жанайқайы тегін болмаса керек. Бұған ҚР Денсаулық министрлігі не дер екен?»

2020 жылы кімдердің жалақысы көтеріледі?

Еңбек қатынастарын реттеу шараларын жетілдіру туралы өткен баспасөз конференциясында ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов: Төмен жалақы алатындардың мәселесіне келсек, бізде еңбек заңнамасында тек төмен жалақы мөлшері реттелген, басқасының бәрі жұмыс берушінің құзырында. Жыл басынан бері Қазақстандағы ең төменгі жалақы мөлшері 1,5 есеге — 28 000 теңгеден 42 500 теңгеге дейін артты. Оған қоса, 25 АЕК дейін, яғни 63 000 теңгеге дейінгі көлемде еңбекақы алып жүрген азаматтардың салық жүктемесі 10 есе азайтылуда. Биылғы 1 маусымнан бастап бюджет саласында жұмыс істейтін қызметкерлердің жалақысы 30 пайызға артты. Ал 2,7 мың кәсіпорын аз жалақы алып жүрген 1,2 млн жұмыскерінің жалақысын орта есеппен 32,5 пайызға көбейтті. Бұл біздің еліміздегі кәсіпорындар санының жартысынан сәл ғана жоғары. Ал, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап мұғалімдердің жалақысы 25 пайызға, мәдениет саласындағы қызметкерлердің еңбекақысы 35 пайызға, кейбірінкің жалақысы 50 пайызға дейін, әлеуметтік сала қызметкерлерінің еңбекақысы 30-60 пайызға дейін көбейеді», — деген деректерді алға тартты.

Ермек Сахариев

АТА ЗАҢДАҒЫ ОЛҚЫЛЫҚ – ПЕДОФИЛДЕРДІ ҚҰТЫРТЫП ОТЫР!



Сәуле Мешітбайқызы

Қазақ баласының таным - түсінігінде болмаған, сөздік қорына да еңбеген «педофил» деген атауға да құлақ үйреніп барады. Неткен өкініш! Неткен қайғы! Арсыздықтың бұдан асқан түрі болмас, сіре да. Баяғыда адам баласы естімеген сұмдықтарды «мал құлағы саңырау» деп қоя салатын қазақ едік. Енді ғаламды – ғаламтар шырмал алғалы, өлемді кезіп жүрген педофильдік дерт өліміз бен жерімізді қорғайтын азаматтарға «жуғысты» болып тұр. Мыңның емес

бірдің сөзі өтімдірек мына заманда, аюдай ақырған мемлекеттердің өзі педофильді заң арқылы тұншықтыруға әлсіздік танытып жүр. Оған себеп гуманистік пайым – парыз, Әлемдік жүйеге тастай жабысып алған Қазақ мемлекеті де «Күштінің құйрығы диірмен тартатынын» мойындағалы қашан! Әйтпесе жеті атасы естімеген, жетпіс бабасы түсінде көрмеген педофильдік азғындыққа жол берер ме еді? → 4-5

Бензин бағасының өсуіне не себеп?

Жанармайдың жаңа жылдан бастап 6 пайызға, яғни 10 теңгеге қымбаттайтыны жайлы хабардың тарағанынан біраз уақыт болды.

ҚР Ұлттық экономика министрі Р.Дәленов не дейді?



«Жанар-жағармай бағасының жаңа жылдан бастап 10 теңгеге қымбаттауына, біріншіден, берілетін әлеуметтік төлемдердің көбеюі (оның ішінде жағдайы төмен, көп балалы аналарға берілетін атаулы әлеуметтік көмек те бар), екіншіден, шекарадан жанармаймызды талап алып жатқан ресейліктерге тоқтау салынбай тұрғандығы әсер етті. Десе де, тағы да кәсір айтпаймын, бензиннің қымбаттауы азық-түлік бағасына әсер етпейді».

Экономист Ж.Шымшықов не дейді?



«Қазірдің өзінде 57 пайыз дәлізінде тұр. Ақциз өзінен-өзі бағаны көтереді. Ал баға көтерілгеннен кейін көліктің бағасы да көтеріледі. Сонда инфляция деңгейі қайта 5-7 пайызға қайта келе ме? Келмейді! Бұл — қиял-ғажайып ертегіде ғана айтылатын қисынсыз әңгіме. Министрліктің бұл әрекетінің астарында құр бензин бағасы емес, бюджетті қалай толтырамыз деген ой жатыр. Меніңше, тығырықтан шығудың басқа жолы бар. Ол — прогрессивті салық жүйесін енгізу. Оның ұтымды тұсы — салықтың көбі қалталыларға түседі де, табысы төмен қарапайым халық өз қалтасына сай салық төлейді».

